

«Астана Медициналық Университеті» АҚ  
Кафедра: №1 Қоғамдық денсаулық сақтау

# *Тақырыбы: Мүгедектік*

Орындаған: Әбілдаева А.М  
Тексерген: Байкенжеева Р.Қ

Астана 2016 жыл

# Жоспар:

## *Кіріспе:*

I. Мүгедектік дегеніміз не?

## *Негізгі бөлім:*

I. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы» туралы мәлімет.

II. Қазақстандағы және бүкіл әлемдегі мүгедектік жағдай мен олардың құқығын қорғауға бағытталған қозғалыстар.

III. Мүгедектікке әсер ететін факторлар.

## *Қорытынды*

Қолданылған әдебиеттер.



# Мүгедектік

ағза қызметінің  
тұрақты бұзылысы мен  
денсаулықтың бұзылуы  
салдарынан адамның  
тыныс-тіршілігінің  
шектелісі



БҰҰ сарапшыларының  
деректері бойынша  
мүгедектердің жалпы әлемдік  
саны **600,0 млн** адамды  
немесе халықтың **10%**  
құрайды. Олардың ішінде **385**  
**млн** еңбек етуге қабілетті  
жастағы адамдар болып  
табылады.

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикадағы барлық санаттағы мүгедектердің саны **413,6 мың** адамды немесе барлық халықтың шамамен **3%**-ын құрайды.

Көрсеткіштер	жылдар		
	2002	2003	2004
Алғаш рет мүгедек деп танылғандар (барлығы)	46727	44658	42825
Оның ішінде:	7734	7081	7017
балалар арасында	38993	37577	35808
ересектер арасында			
Алғашқы мүгедектің серпінді көрсеткіші (мүгедектердің барлық санаттары үшін)	31,2	29,9	28,4
Оның ішінде:	17,4	16,5	15,0
балалар арасында	36,9	35,0	34,4
ересектер арасында			

## *Ересектердегі мүгедектік:*

Қанайналым жүйе ауруынан

**22-23%**

Қатерлі ісіктен

**17-18%**

Жарақаттардан

**11-12%**

Психикалық бұзылыстан

**8-9%**


# Балаларда:





# 2000-2004 жыл:

8



- Бірінші топ
- Екінші топ
- Үшінші топ

**8,7%**

Ішінара оңалту көрсеткіші

**7,0%**

Ауырлау көрсеткіші

**5,0%**

Толығымен оңалту көрсеткіші

Мүгедектердің жас  
құрылымында еңбек  
етуге жарамды жастағы  
адамдар басым  
(мүгедектердің жалпы  
санының **70%-ы**).



## Мүгедектік көрсеткіштерге әсер ететін факторлар:

Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі

Денсаулықтың жай-күйі

Медициналық қызмет сапасы

Оңалту қызметінің сапасы


Экологиялық ортаның жай-күйі

Арнаулы түзеу білім беру ұйымдарының желісі мен контингенті	Жылдар		
	2002	2003	2004
Мектепке дейінгі арнаулы мақсаттағы ұйымдар	36	39	45
Арнаулы топтары бар, жалпы мақсаттағы мектепке дейінгі ұйымдар	236	201	119
Мектепке дейінгі түзеу ұйымдарындағы және топтарындағы бала саны	9876	9380	11229
Арнаулы білім беру түзеу ұйымдары	103	102	103
Арнаулы білім беру түзеу ұйымдарындағы және жалпы білім беретін мектептердің арнаулы сыныптарындағы бала саны	23604	24214	24737

## Қазақстанда соңғы 3 жылда мүгедектік көрсеткіш төмендеді

2011 жылы 10 мың тұрғынға шаққанда 28,9-ді құраса, 2013 жылы бұл көрсеткіш 28,2-ге тең болды.

**Қазақстан Республикасында мүгедектерді  
әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан  
Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі  
№39 Заңы.**



Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңына сәйкес *мүгедек* — тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған адам. Сонымен қатар осы заңда *мүгедек балаға* да мынадай жеке анықтама беріп өтеді: тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа толмаған адам. Ал *мүгедектік* дегеніміз — организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулықтың бұзылуы салдарынан адамның тіршілік-тынысының шектелу дәрежесі.



# Мүгедек



Бұл өмірлік қызметіне шек келтіріп, оның әлеуметтік қорғалуын қажет ететін ағза қызметінің бұзылуы, аурулар, жарақаттар, олардың зардабынан болған дефектілері бар денсаулығы бұзылған тұлға.



# Мүгедектің мынадай құқықтары бар:

- ▶ әлеуметтік қорғалу, соның ішінде сауықтыру, қоғамға бейімделу
- ▶ әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына кірумен қамтамасыз етілу
- ▶ ақпаратты алуға мүмкіндік берумен қамтамасыз етілу
- ▶ білім беру, қызмет түрін еркін таңдау, соның ішінде еңбекке байланысты
- ▶ Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталатын тәртіппен көрсетілетін тегін медициналық көмектің кепілденген көлеміне ие болу
- ▶ кәсіби дайындық және қайта дайындау, еңбекке жарамдылығын қалпына келтіру және жұмысқа орналасу
- ▶ Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес үй алу
- ▶ Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет саласында бірінші кезекте қызмет көрсетіледі
- ▶ Мүгедектердің шығармашылық мүмкіндіктерін қолдау.

# Бірінші топ мүгедектерін бекіту критерийлері

- ▶ Ағза функцияларының тұрақты маңызды түрде бұзылуы немесе бұзылғанының анық көрінуі болып саналады. Топқа жататындығын белгілеу мүгедектердің сырқаттануының арқасында, алған жарақаттарының барысында өмірлік қызмет дәрежелері немесе олардың тіркестерінің шектелуі, бірден көрінуіне әкеп соғатын төмендегі көрсетілген ақаулықтарға байланысты жүзеге асады.
- ▶ үшінші дәрежедегі өзін өзі қамтамасыздандыруға мүмкіндігі;
- ▶ үшінші дәрежедегі қозғалуға мүмкіндігі;
- ▶ үшінші дәрежедегі тұспалға мүмкіндігі;
- ▶ үшінші дәрежедегі қарым-қатынасқа мүмкіндігі;
- ▶ үшінші дәрежедегі өзінің іс-қимылына жауап беру мүмкінді.

# Екінші топ мүгедектерін бекіту критерийлері

- ▶ Ағза функцияларының тұрақты түрде бұзылуы, сырқаттануының арқасында, алған жарақаттарының барысында өмірлік қызмет дәрежелері немесе олардың тіркестерінің шектелуі, бірден көрінуіне әкеп соғатын төмендегі көрсетілген ақаулықтарға байланысты табылады.
- ▶ екінші дәрежедегі өзін өзі қамтамасыздандыруға мүмкіндігі;
- ▶ екінші дәрежедегі қозғалуға мүмкіндігі;
- ▶ үшінші, екінші дәрежедегі еңбекке қабілеттігі (еңбекке қабілеттігі);
- ▶ үшінші, екінші дәрежедегі оқуға мүмкіндігі;
- ▶ екінші дәрежедегі қарым-қатынасқа мүмкіндігі;
- ▶ екінші дәрежедегі өзінің іс-қимылына жауап беру мүмкінді.
- ▶ екінші дәредегі өзінің іс-қимылына жауап беру мүмкінді.

# Үшінші топ мүгедектерін бекіту критерийлері

- ▶ Ағза функциялары бұзылуының баяу байқалуы, сырқаттануының арқасында, алған жарақаттарының барысында өмірлік қызмет дәрежелері немесе олардың тіркестерінің шектелуі, баяу байқалуына әкеп соғатын төмендегі көрсетілген ақаулықтарға байланысты табылады.
- ▶ бірінші дәрежедегі өзін өзі қамтамасыздандыруға мүмкіндігі;
- ▶ бірінші дәрежедегі қозғалуға мүмкіндігі;
- ▶ үшінші, екінші дәрежедегі еңбекке қабілеттігі (еңбекке қабілеттігі);
- ▶ бірінші дәрежедегі оқуға мүмкіндігі;
- ▶ бірінші дәрежедегі қарым-қатынасқа мүмкіндігі;
- ▶ бірінші дәрежедегі өзінің іс-қимылына жауап беру мүмкінді.
- ▶ екінші дәрежедегі өзінің іс-қимылына жауап беру мүмкінді.



Мүгедектік-  
науқастану,жарақат,  
апатқа ұшырау,кемтар  
болап туу салдарынан  
адамның мүлдем не  
уақытша еңбек ету  
қабілетінен  
айырылуы.

# Қазақстан Республикасының заңнамалары

- ▶ Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау. Мүгедектерді мемлекеттік әлеуметтік қолдау шаралары Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының 2005 жылы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», ҚР 1999 жылдың 5 сәуірдегі № 365-1 «Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі, асыраушысынан айырылу және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», 2002 жылдың 11 тамызындағы «Мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық және педагогикалық түзету және әлеуметтік қолдау туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылы 29 желтоқсан № 1758 «Мүгедектерді 2002-2005 жылдарға оңалту бағдарламасы» Қаулысымен және басқа нормативтік актілермен өткізілуде.

# МӘСК міндеттері

Адамның өмір сүру мүмкіншілігінің шектелуінің деңгейін мүгедектік есебін анықтау және мүгедектік топты белгілеу

Мүгедектердің денсаулығының бұзылу салдарын жеңілдету үшін түрлі медициналық әлеуметтік көмекке қажеттілігін анықтау

Мүгедектердің заңды құқығын сақтауға жаңдай жасау және барлық бағдарламаларды дайындауға үлес қосу

Денсаулық сақтау жүйесі мекемелерімен, өндіріс әкімшілігімен, кәсіби ұйымдармен бірлесе отырып, мүгедектіктің медициналық әлеуметтік, оңалту жәрдемін көрсету шараларын қолдану

# Мүгедектің құқықтары

Әлеуметтік қорғалу, соның ішінде сауықтыру, қоғамға бейімделу әлеуметтік қорғалу, соның ішінде сауықтыру, қоғамға бейімделу

Қазақстан республикасының заңнамасына сәйкес анықталатын тегін медициналық көмектің кепілденген көлеміне ие болу

Ақпаратты алуға мүмкіндік берумен қамтамасыз етілу

Кәсіби дайындық және қайта дайындау, еңбекке жарамдылығын қалпына келтіру және жұмысқа орналасу

Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет саласында бірінші кезекте қызмет көрсетіледі



# Мүгедектік себептері

Жалпы ауру

Еңбек жарақаты

Кәсіптік ауру

Бала кезінен мүгедек

Әскери іс қимылдарға  
қатысуына байланысты

# Мүгедектік топтары

- Мүлде немесе ұзақ уақыт еңбекке жарамсыз, үнемі басқа біреудің күтімін, көмегін немесе бақылауды қажет ететіні адамдар жатады

1 топ

- Басқа адамның көмегін қажет етпейтін, жұмыстың кейбір түрлерін атқара алатын адамдар жатады

2 топ

- Еңбек ету қабілеті төмен болғанымен жеңіл-желпі жұмыстарды істей алатын, бірақ денсаулығына байланысты жұмыс жағдайын оңтайлы өзгертуді қажет ететін адамдар жатады

3 топ

# Мүгедектік топтары бойынша пайыздық көрсеткіш


Мүгедектік топтар бойынша	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл
I-топ	5,9%	4,9%	4,8%	4,6%
II-топ	33,1%	27,5%	25,3%	23,8%
III-топ	16,7%	17,3%	16,0%	12,4%

## Мүгедектікті жынысы және жер бойынша

Мүгедектікті жынысы бойынша бөлу	2009 жылы	2010 жылы	2011 жылы
Әйелдер	22,5%	20,5%	18,9%
Ерлер	32,6%	29,1%	27,2%

Мүгедектікті жер бойынша бөлу	2009 жылы	2010 жылы	2011 жылы
Ауылдық жер	23,1%	21,1%	19,9%
Қалалық жер	32,1%	28,5%	26,1%

# Себептеріне байланысты пайыздық көрсеткіштер




шық көк түсті-жалпы ауырудан мүгедектік

Көк түсті-мамандық және еңбек жарақаттары салдарынан мүгедектік


Фиолетовый түсті- бала күнінен мүгедектік

Сары түсті-басқа да себептер

# Мүгедектердің жылдар бойынша пайыздық көрсеткіші



# Облыстар бойынша мүгедектіктің пайыздық көрсеткіші



Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңына сәйкес мүгедек – тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған адам. Сонымен қатар осы заңда мүгедек балаға да мынадай жеке анықтама беріп өтеді: тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа толмаған адам. Ал *мүгедектік* дегеніміз – организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулықтың бұзылуы салдарынан адамның тіршілік-тынысының шектелу дәрежесі. Ал халықаралық деңгейде мүгедектер құқығын қорғауға байланысты БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 2006 жылы 13 желтоқсанда «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын» қабылдады. Бұл конвенция 2008 жылы 3 мамырда өз күшіне енді.



Әлемде мүгедексіз ел жоқ. Дүние жүзі елдері бойынша орташа көрсеткіш – 10 пайыз, яғни мүмкіндігі шектеулі 650 миллион адам бар. Ал, Қазақстанда жарты миллионға тарта мүгедек бар десек, бұл халықтың 3 пайыздайын құрайды. Бұл жерде мәселе олардың санының аздығында, немесе көптігінде емес. Басқадай мәселе бар. Ол - экономикалық, әлеуметтік мәселелер. Осыдан екі жарым жылдай бұрын Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға және факультативтік қаулысына қол қойып, одан соң мүгедектердің құқықтарын сақтаудың халықаралық стандарттарына көшуді бастаған болатын. Біріккен Ұлттар Ұйымының мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға және факультативтік қаулысына қол қойылғанға дейінгі мүгедектерге салқын көзқарас өзгере қойған жоқ. Сондай-ақ, олардың құрамы бойынша алаңдатарлық жай бар. Яғни, бірінші, екінші топтағы мүгедектердің үлес салмағы 60 пайыздай құраса, оның 70 пайыздан астамы – еңбекке қабілетті жастағылар. Әрбір бесінші бала мүгедек десек, бүгін балалардың 32,6 пайызы – тумысынан кемтар. Айтар болсақ, мүгедектіктің жасару тенденциясы байқалады. «Қазақстанда 450 мыңға жуық мүгедек бар. Оның ішінде бірінші жалпы, кәсіби, өндіріс жарақатынан болған және бала жасынан мүгедектер – 37 мың (8 пайыз), екінші топтағылар – 192 мың (43 пайыз) және үшінші топтағылар – 147 мың адам (33 пайыз).

Мүгедектер мен орта жастағы адамдардың құқығы ұзақ жылдар бойы әлемдік қауымдастықтың тарапынан қатаң назарында ұстады.

Соңғы жылдары халықаралық қауымдастық жасаған халықаралық стандарттар мен стратегиялар кешенінің құрамдас бөлігі Біріккен Ұлттар Ұйымының Мүгедектердің онжылдығын (1983-1992) өткізу барысында жинақталған тәжірибенің негізінде әзірленген Мүгедектерге арналған тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандарттық ережелері болып табылады.


Қазіргі қоғамның мақсаты мүгедектер, қарт адамдар болып табылатын ерлер мен әйелдердің қоғамның басқа мүшелері сияқты сол құқықтары мен міндеттері бар ережені қамтамасыз етуден тұрады. Әлемнің барлық елдерінде мүгедектерге өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін және олардың қоғамдық өмірге толық араласуына қиындататын кедергілер әлі де бар. Мұндай жағдайда қоғамның міндеті осы кедергілерді жоба үшін қажетті шаралардың қабылдаудан, яғни тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуден тұрады, осының арқасында қызмет көрсету, еңбек қызметі және ақпарат сияқты қоғамның түрлі салалары барлығына, әсіресе мүгедектер мен орта жастағы адамдардың қолы жететін болады.

Қазақстандағы жағдай бүгінгі күні мынадай: мүгедектерге қоғамның кейбір салаларында кемсітетін жағдайларға соқтығуына тура келеді: қоғамдық ғимараттар, көлік және байланыс құралдары олар үшін бейімделмеген (интернат-үйлерді аралауда көрінгендей, мүгедектердің тұратын жерлері де бейімделмеген), қоғам материалдық және әлеуметтік жағдай туғызу үшін шаралар қабылдамайды. Оқып-үйрету және еңбекке орналастыруда тыйым салынған біліктілік стандарттары мен өлшемдер қолданылады, бұл мүгедектердің әлеуметтік жағынан оқшаулануына тура келеді, қызмет көрсетулер мен жеңілдіктер алуда мүмкіндіктерді таңдау шектелген. Олар шектелген әлеуметтік, кәсіптік, экономикалық және білім беру мүмкіндіктерін пайдаланады.

Мүгедектердің құқықтарын қорғау қозғалысын дамытуда америка мемлекетінің басшылары айтарлықтай прогреске қол жеткізді. 1975 жылға дейін АҚШ-та мүгедектердің өмір сүру ортасына қол жеткізу жағдайы басқа елдерден еш айырмашылығы болған жоқ. 1975 жылы Американдық мүгедектер туралы Заң қабылданғаннан бастап (АҚШ Президенті Дж. Форд) жағдай түбегейлі өзгерді. Мүгедектердің өздері кемсітуге қарсы ірі-ірі қозғалыстарды бастады. Арнайы құрылған құрылысшы-мердігерлер бригадасы бүкіл Америкада съездер мен пандустар жасай бастады, күннен күнге америка қалаларында мүгедектердің тіршілігі жақсара түсті.

АҚШ Президенті Б.Клинтонның қолдауымен мүгедектердің тұрмыс тіршілігін айтарлықтай жақсартатын, қандай да бір нысандағы мүгедек адамға тең құқықтар мен тең мүмкіндіктер беретін көптеген заңдар қабылданды. Мәселен, 1997 жылы 4 маусымда Б. Клинтон дамуында және денсаулығында ауытқу бар адамдарға білім беру туралы актіге қол қойды, бұл америка білім беруін дамытудағы бетбұрыс кезеңі болды. Заңның мақсаты барлық американдық балалар үшін дүниежүзілік сипатта білім беруді қамтамасыз ету болды.

# ТМД елдері арасындағы мүгедектік көрсеткіштері:






# Қазақстан Республикасының облыстары бойынша мүгедектік көрсеткіштері:

**Численность инвалидов в ИС «ЦБДИ» на 1 января 2014 г.**

*Всего инвалидов в ИС ЦБДИ 626740 на 1.01.14 года*





БҰҰ сарапшыларының  
деректері бойынша  
мүгедектердің жалпы әлемдік  
саны **600,0 млн** адамды  
немесе халықтың **10%**  
құрайды. Олардың ішінде **385**  
**млн** еңбек етуге қабілетті  
жастағы адамдар болып  
табылады.

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикадағы барлық санаттағы мүгедектердің саны **413,6 мың** адамды немесе барлық халықтың шамамен **3%-**ын құрайды.

Көрсеткіштер	жылдар		
	2002	2003	2004
Алғаш рет мүгедек деп танылғандар (барлығы)	46727	44658	42825
Оның ішінде: балалар арасында ересектер арасында	7734	7081	7017
	38993	37577	35808
Алғашқы мүгедектің серпінді көрсеткіші (мүгедектердің барлық санаттары үшін)	31,2	29,9	28,4
Оның ішінде: балалар арасында ересектер арасында	17,4	16,5	15,0
	36,9	35,0	34,4

## *Ересектердегі мүгедектік:*

Қанайналым жүйе ауруынан

**22-23%**

Қатерлі ісіктен

**17-18%**

Жарақаттардан

**11-12%**

Психикалық бұзылыстан


**8-9%**

# Балаларда:



# 2000-2004 жыл:

8



- Бірінші топ
- Екінші топ
- Үшінші топ

Мүгедектердің жас  
құрылымында еңбек  
етуге жарамды жастағы  
адамдар басым  
(мүгедектердің жалпы  
санының **70%-ы**).

## Мүгедектік көрсеткіштерге әсер ететін факторлар:

Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі

Денсаулықтың жай-күйі

Медициналық қызмет сапасы

Оңалту қызметінің сапасы

Экологиялық ортаның жай-күйі



Арнаулы түзеу білім беру ұйымдарының желісі мен контингенті	Жылдар		
	2002	2003	2004
Мектепке дейінгі арнаулы мақсаттағы ұйымдар	36	39	45
Арнаулы топтары бар, жалпы мақсаттағы мектепке дейінгі ұйымдар	236	201	119
Мектепке дейінгі түзеу ұйымдарындағы және топтарындағы бала саны	9876	9380	11229
Арнаулы білім беру түзеу ұйымдары	103	102	103
Арнаулы білім беру түзеу ұйымдарындағы және жалпы білім беретін мектептердің арнаулы сыныптарындағы бала саны	23604	24214	24737

Қазақстанда соңғы 3 жылда  
мүгедектік көрсеткіш төмендеді

2011 жылы 10 мың  
тұрғынға шаққанда 28,9-ді  
құраса, 2013 жылы бұл  
көрсеткіш 28,2-ге тең  
болды.

**Мүгедектерді тұрғын үймен қамтамасыз ету**

Жергілікті атқарушы органдар;

Есепке алып, баспанасыз мүгедектерге үй береді;

Мүгедектер мен отбасылық құрамында мүгедек бар жанұяға баспана кеңістігі жабдықтары мен арнайы құралдар мен жабдықтармен қамтамасыз етеді



## Мүгедектерді жұмыспен қамту

- ▶ Жергілікті атқарушы органдар мүгедектерді жұмыспен қамтуды мына жолмен қамтамасыз етеді:
- ▶ қызмет орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектерге жұмыс орындарынан квота бекіту
- ▶ жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындарын құру
- ▶ арнайы, сонымен қатар мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құру
- ▶ мүгедектерді кәсіби оқыту ұйымдары

# Қорытынды

- ▶ Еліміздегі әлеуметтік жұмыстың әрбір саласы халықты қолдау мен көмек көрсету барысындағы нақты мәселелер шешілуде, әлеуметтік жұмыстың нормативтік-құқықтық базасы құрылып, әлеуметтік жұмыстың кәсіби іс-әрекеті ретіндегі функциялық міндеттері орындалуда. Дегенмен, әлеуметтік қызметкерлер тек қана әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік қамсыздандыру әрекетімен ғана айналысып қоймай, адамды кедейшіліктен, мұқтаждықтан, әділетсіздіктен, маргиналдықтың құтқаруындағы мүмкіндіктерінің шектелгендігін игерудегі, өз бетімен шешім қабылдауға, қиыншылықтағы қысылған жағдайда жол таба білуге, оны жеңе білуге, қабілеттерін жақсартуға көмек көрсетудегі белсенділіктері ескеріліп, мемлекет тарапынан қолдау көрсетілсе деген ойдамыз. Сол қоғамдық өмірдегі саяси-идеологиялық саясатқа араласа отырып, халықтың мұң-мұқтажы шенеуніктердің құлағына жеткізеді деген үміттеміз. Ата дәстүрін жалғастырушы, әлеуметтік мұқтаждың жоқтаушысы бар маман - әлеуметтік қызметкерлерді жан-жақты біліммен қаруландырсақ, көп нәрсені ұтатынымызды уақыт көрсетер.

# Қолданылған әдебиеттер

- ▶ 1. Жаназарова З.Ж. Социальная работа с семьей: Учебное пособие для студентов гуманитарных факультетов высших учебных заведений. – Алматы: Қазақ университеті, 2003г.
- ▶ 2. Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары: 2003ж. 15 қаңтардағы №20 қаулысымен бекітілген.
- ▶ 3. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік жәрдемақылар – Заң газеті – 2005-14 қаңтар.
- ▶ 4.Блинков Ю.А., Ткаченко В.С., Клушина Н.Г. Медико-социальная экспертиза лиц с ограниченными возможностями / Серия «Учебники, учебные пособия»- 2002г.
- ▶ 5. Мельников В.П., Холостова Е.И. История социальной работы. Учебное пособие. 2-е изд. – М.: Издательско – книготорговый центр «Маркетинг»; 2002г.
- ▶ 6. Холостова Е.И., Дементьева Н.Ф. Социальная реабилитация: Учебное пособие. – 3-е изд. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2004г.
- ▶ 7.Пантелеева Т.С., Червякова Г.А. Экономические основы социальной работы: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС, 2004г.
- ▶ 8.Уровень жизни населения в Казахстане. Статистический сборник. Под редакцией Ю. К. Шокаманова. – Алматы, 2004г.